

6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Дуйсебекова Жайнагул Муратқызының «Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензент, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің гуманитарлық факультеті деканы, философия докторы
Айна Рахимованың

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы Ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және Ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Қазіргі таңда әлемдік өркениеттің адам өміріне тигізетін пайдасымен қатар қатері де жоқ емес. Жаһандық мәдениет кез келген елдің адам капиталын дамытуға екі жақты әсер етіп келеді: бір жағынан – адамзат жаратылысында ешқашан болмаған интеллектуалдық даму процесіне барлық мүмкіндік дамыса, екінші жағынан – адамның рухани дамуына кері ықпал ететін, ұлттық құндылықтардың сақталуына кедергі болатын жағдай туындап отыр. Осындай дүниежүзілік трансмәдени өзгерістердің ішінде жұтылып кетпеу үшін Қазақстан болашаққа нық сеніммен қадам басып, саяси, экономикалық және рухани жаңғыруға бет алды. Ал рухани жаңғырудың өзегі – мәдениет, тіл, діл. Бұл құндылықтардың тиісті деңгейде қалыптасуы мен сақталуына кепіл болатын дүние – дұрыс берілген білім. Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауында төртінші басымдық адами капитал сапасын жақсартуға беріліп: «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Сонымен бірге, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек. ... Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді» делінген. Демек дұрыс білім алған ұрпақтың елдің қай жағынан болса да дамуына өз үлесін қосатыны анық.

Білім беру жүйесі сан салалардан тұратындықтан, әр саланың өкілдері өздерінің мамандығына, бағытына, бағдарламасына сәйкес іргелі еңбек етуі, зерттеу жүргізуі де маңызды фактор. Осындай маңызды шарттардың орындалуына септігін тигізетін ғылыми зерттеулердің бірі біздің назарымызға ұсынылып отыр.

Қазіргі уақытта жас педагогтардың, соның ішінде, тіл маманы, филологтардың өзінде қазақтың шұрайлы тілімен сөйлей алмайтын, өз ойын ашық жеткізе алмайтын, қатысым прагматикасын жетік меңгермеген, коммуникативтік тактикаларды орынды қолдана алмайтын қатысым

субъектілеріне айналып отырғандығын көзіміз көріп жүр. Сондықтан жастарды саламатты түрде сөйлей білуге, табиғатынан шешендікке бейім қазақ халқының сөз мәдениеті мен әдебін меңгеруге икемдеу – уақыт талабы. Осы орайда Дуйсебекова Жайнагул Муратқызының ауызша тілдің құрылымы мен жүйесін меңгерту арқылы сөз мәдениетін қалыптастыруды іске асыру үшін ғылыми-теориялық, әдістемелік зерттеу жүргізіп, диссертация жазуы өзекті тақырыпқа арналған.

Зерттеу тақырыбының жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңын, Тіл туралы Заңын және Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, мемлекеттік үлгілік бағдарламаларды басшылыққа алумен сипатталады.

2. Диссертацияға қойылатын (ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 9-10 тармағына және Ғылыми қызметкерлердің тиісті мамандықтарының төлқұжаттарында) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу жұмысының құрылымы, мазмұны, тілі, қажетті әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, көлемі докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Диссертант тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік еңбектердегі тұжырымдар мен қағидаларға сүйеніп, арнайы жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар ұйымдастыру арқылы төмендегідей жаңалықтарға қол жеткізген:

- ауызша сөз мәдениетінің тілбілімдік негіздері (тіл-сөз-сөйлеу арақатынасы, ауызша тілдің ерекшеліктері мен ауызша тілдің негізгі түрлері, сөздің қатысымдық сапалары) айқындалған;

- ауызша сөз мәдениеті және педагогикалық дискурстың өзекті мәселелері нақтыланған;

- филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың когнитивтік және лингвоәлеуметтік тұжырымдамасы жасалған;

- сөз мәдениеті мен оған жақын пәндердің оқытылу жайы және оқыту барысында қолданылатын оқу-әдістемелік құралдардың мазмұны талданған;

- ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы сөз мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, оқытудың жаңаша әдістері ұсынылған;

- «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» атты элективті пәннің оқу-әдістемелік кешені құрастырылып, тәжірибеде тиімділігі дәлелденген.

Ізденуші диссертация тақырыбына сәйкес филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін бірінші тарауда, ал оны оқытудың әдістемелік жүйесін екінші тарауда қарастырған.

- Бірінші тарауда «тіл-сөз-сөйлеу» арақатынасы мен зерттелу тарихын, ауызша тіл мен жазба тілдің өзіндік ерекшеліктерін, қазақ ауызша тілі

мәселелерін зерттеу мен оқытудың маңызын, ауызша сөз мәдениетін, педагогикалық дискурс мәселелерін, сөз мәдениетін қалыптастырудың когнитивтік және лингвоәлеуметтік тұжырымдамасын, ауызша сөз мәдениетін жаңаша оқытудың дидактикалық ұстанымдарын айқындаған. Эмпирикалық әдістермен зерттеудің нәтижелері №1-21 кестелердің мазмұнында көрсетілген. Мысалы, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында оқитын 2-курс студенттерінің ауызша сөйлеуіндегі «қыстырынды» сөздердің жиілік тізімінің жасалуы, ауызша тілдің *фонетикалық, лексикалық, синтаксистік* ерекшеліктерін тәжірибе жүргізу арқылы жүйелеп ұсыну сөз мәдениеті қалыптасуының тілбілімдік аспектісін ашуда теориялық мәліметтердің эксперимент арқылы дәлелденгендігін көрсетеді.

Ауызекі сөйлеу тілінің қарым-қатынас кеңістігінде орналасуы, әдеби сөйлеу тілі мен бейтарап сөйлеу тілінің өзіндік ерекшеліктері оқушылардың ойын жазбаша және ауызша жеткізе алу көрсеткіші (74/26%) де қазақ тілін қолданушыларға эксперимент жүргізу арқылы айқындалған. Филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетінің қалыптасып, дамуы динамикалық сипаттағы, оқу процесінің барлық кезеңін (1-4 курс) қамтитындығын ескере отыра тәжірибе жүргізген. Тәжірибе нәтижелері зерттеушінің өзіндік тұжырымдарымен нақтылана отыра, ауызша тілдің құрылымын жаңаша көрсеткен.

- Зерттеу жұмысының екінші тарауы ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастырудың оқу-әдістемелік жүйесін жасауға бағытталған. Мәселен, жоғары білім беру жүйесінде ауызша сөз мәдениетін оқыту жайына шолу жасауға, филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін құруға, ауызша сөз мәдениетін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін ұсынуға және білім алушылардың ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесінің эксперименттік жүйесінің нәтижелерін талдауға арналған зерттеу нәтижелері бар.

Зерттеу тақырыбының әдістемелік негіздерін ашуға бағытталғандықтан, диссертацияның екінші тарауында осы күнге дейін нақты ауызша тілді филолог мамандарға оқыту жүйесі жасалмағандығын ескерте отыра, зерттеудің нәтижесі ретінде «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» атты таңдау пәнін оқу процесіне енгізіп, тәжірибеден өткізгендігі ашып жазылған және оқу-әдістемелік кешен құрылымы Г қосымшасында берілген. Ауызша сөз мәдениетін оқытудың инновациялық әдістерін қолданудың механизмін көрсеткен. Олар: постер қолдану, екі жұлдыз, бір тілек, SWOT талдау, мәтін арқылы дамыту, пікірталас, *electronic learning, E-learning* сияқты АКТ және медиатехнологияларды қолдану, квест сабақ және т.б.

- ізденушінің келесі нәтижесі – ауызша сөз мәдениетін жаңаша оқытудың ұстанымдарын тарата сипаттауы. Оқытудағы бұл ұстанымдардың барлығы да (ғылымилық, жүйелілік пен бірізділік, білім алушылар білімінің беріктігі, ізгілендіру, түсініктілік, қатысымдық, теорияның уәжбен байланысы, саналылық пен белсенділік) филолог студент пен оқытушы

арасындағы саламатты қатысымды қамтамасыз етудің алғышарттары болып табылады.

- диссертант ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын анықтауға, сөз мәдениетін қалыптастыруға бағытталған сауалнама жүргізіп, ауызша сөз мәдениетін дұрыс қалыптастыруға ықпал ететін жағдайларды, сөйлеу мәдениетінің бұзылу себептерін, тілдің саламаттылығын сақтау шарттарын, т.б. мәселелер туралы эксперимент нәтижелерін тұжырымдаған.

Диссертация мазмұнында орын алған нәтижелер докторлық диссертацияға қойылған талаптарға сай орындалған.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Диссертанттың қол жеткізген зерттеу нәтижелерінің ғылыми негіздемесі сапалы, тіл біліміндегі, тілді оқыту әдістемесіндегі соңғы жетістіктерді пайдалана білген, әлемдік тәжірибеден өткен зерттеу әдістерін жетік меңгерген. Диссертация сауатты дайындалған, диссертанттың баяндау тәсілі жүйелі де түсінікті.

Бірінші ғылыми жаңалық бойынша: ауызша сөз мәдениетінің тілбілімдік негіздері тіл, сөз, сөйлеу арақатынасын теориялық мәліметтерге сүйене және тілдік фактілер келтіре отыра айқындап, ауызша тілдің ерекшеліктері негізгі түрлерін, сөздің қатысымдық сапаларын әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан саралап, негіздеген.

Екінші жаңалық бойынша: ауызша сөз мәдениеті және педагогикалық дискурстың өзекті мәселелерін анықтауда қазіргі филолог-студентті ертеңгі мектеп мұғалімі ретінде қарастыру арқылы, педагогикалық дискурс аясында білім берудің қажеттілігін, тиімділігін, мүмкін екендігін жұмыс мазмұнында көрсеткен.

Үшінші жаңалық бойынша: филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың когнитивтік және лингвоәлеуметтік тұжырымдамасын осы күнге дейін қалыптасқан ғылыми пікірлерді жүйелей отыра және кезең-кезеңге бөліп қарастыра отыра жасаған.

Төртінші жаңалық бойынша: сөз мәдениеті мен оған жақын пәндердің оқытылу жайы және оқыту барысында қолданылатын оқу-әдістемелік құралдардың мазмұны талданған. Қазіргі уақытта тақырып аясында білім беру процесінде қолданылып жүрген әдістемелік әдебиеттерді көрсете келе, өзінің ұсынып отырған әдістемелік материалдарын аша білген.

Бесінші жаңалық бойынша: ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы сөз мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, оқытудың жаңаша әдістері мен жаңа оқыту құралдары саралап, қолдану механизмдерін, оқыту нәтижелерін көрсеткен.

Алтыншы жаңалық бойынша: болашақ филологтар дайындалатын мамандыққа арналып енгізілген «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» атты таңдау пәнінің әдістемелік жүйесі кешенді түрде түзіліп, тиімділігі тәжірибеде дәйектелген. 2017-2018 оқу жылының оқу-жұмыс

бағдарламасына енгізілген, оқу процесіне енгізілген оқу-әдістемелік кешенін барлық талаптарға сәйкес рәсімдеп, ұсынған.

Зерттеу нәтижесінде жасалған тұжырымдар мен қорытындылардың шынайылық дәрежесі әдіснамалық және теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, ауызша сөз мәдениетін меңгертудің әдістемелік негіздерінің саралануымен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдерінің тиімділігімен сипатталады.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Зерттеу жұмысында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңалық дәрежесі төмендегідей:

- ауызша сөз мәдениетінің тілбілімдік негіздері (тіл-сөз-сөйлеу арақатынасы, ауызша тілдің ерекшеліктері мен ауызша тілдің негізгі түрлері, сөздің қатысымдық сапалары) айқындалған. Толық жаңа;

- ауызша сөз мәдениеті және педагогикалық дискурстың өзекті мәселелері нақтыланған; Толық жаңа;

- филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың когнитивтік және лингвоәлеуметтік тұжырымдамасы жасалған; Толық жаңа;

- сөз мәдениеті мен оған жақын пәндердің оқытылу жайы және оқыту барысында қолданылатын оқу-әдістемелік құралдардың мазмұны талданған. Жартылай жаңа;

- ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы сөз мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, оқытудың жаңаша әдістері ұсынылған. Толық жаңа;

- «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» атты элективті пәннің оқу-әдістемелік кешені құрастырылып, тәжірибеде тиімділігі дәлелденген. Толық жаңа.

Демек, Ж.Дүйсебекованың диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық дәрежесі философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық жауап береді.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Зерттеудің тақырыбы, соған сәйкес құрылымы, мазмұнындағы талдау, зерттеу, салыстыру барысы нәтижелері және жалпы қорытындысы логикалық тұтастығымен, жүйелі сабақтастықпен сипатталады.

Диссертациялық зерттеу жұмысының мақсаты айқын, мақсатқа жету үшін алға қойылған міндеттер дұрыс белгіленген. Мақсат пен міндет логикалық байланыста әрі тақырыптың мазмұндық жағынан толық ашылуын қамтамасыз етуге бағытталған. Сондықтан зерттеу жұмысының және эксперимент нәтижелері, қорытындылары нақты, дәлелді. Ғылыми негіздемелер өзара тығыз байланыста орындалған. Зерттеудің тұжырымдары бір-бірімен тығыз байланыста, стильдік әрі логикалық құрылымға негізделіп жасалған, ғылыми қорытындыларда нақты берілген. Келтірілген жаңалықтар

мен практикалық маңыздылығы казак тіл білімінің жаңа аспектілері мен педагогикаға тың өзгеріс қосады.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Тақырып аясындағы зерттеу жұмысының нәтижелері сөз мәдениеті, академиялық шешендік, орфоэпия, лингвоэкология, әлеуметтік лингвистика, лингводидактика, т.б. ғылым салаларының теориялық мәселелерін дамытуға үлес қосады. Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын дұрыс қолдану, казак тілінде саламатты қатысым жасау, филолог-студенттердің сөз мәдениетін жетілдіру, мемлекеттік тілді қолдануды жетілдіру, тілдік саясатқа қолдау көрсету сияқты мәселелердің шешімін табуға ықпал етеді. Ауызша сөз мәдениетін оқытуды жетілдіреді. Зерттеу қорытындылары ЖОО-да казак тіл білімінің жаңа бағыттарын оқытуды жетілдіруге, ақпараттық-технологиялық құралдарды пайдалану дағдысын қалыптастыруға ықпал етеді. Зерттеу жұмысын ЖОО оқытушылары, мектеп мұғалімдері, докторанттар мен магистранттарға пайдалануға болады. Зерттеу тұжырымдарын әдістемелік нұсқаулар дайындауға, сабақ әзірлемелерін дайындауда қолдануға болады.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Диссертацияның мазмұны, тұжырымдары мен негізгі нәтижелері: Scopus мәліметтер базасына енетін Journal Option (Vol. 34. No. 85. April, Maracaibo, Venezuela, 2018. – P. 374-393) журналындағы «Rhetoric as art of eloquence in the ancient greek culture»; Journal of Language and Literature журналындағы (Vol. 7. No. 4. November, 2016. – P. 285-290) «The Theory of Phoneme in Kazakh Linguistics»; Ш.Уәлиханов атындағы ҚМУ Хабаршысындағы (Филология сериясы, №4, 2017. – 58-62 бб.) «Тұлғаның бойында сөйлеу әрекеті арқылы тіл мәдениетін қалыптастыру сатылары мен әдістемесі»; «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» журналындағы (Филология сериясы, №4 (60), 2018ж. – 74-79 бб.) «Ауызша дамыған әдеби тілдің озық үлгісін» оқыту арқылы филолог-студенттердің тіл мәдениетін жетілдіру (*Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» әңгімесі негізінде*); «Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана» (№4, 2019 г. – С. 89-96.) журналындағы «Linguodidactic basis for teaching culture of speech to foreign students»; Абай атындағы Қазак ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысындағы («Филология ғылымдары» сериясы №2 (68), 2019. – 71-75 бб.) «The specificity of popular science oral speech»; «Қазіргі казак тіл білімінің инновациялық әлеуеті» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарындағы (Алматы, 2017 жыл, 26-27 қазан. – 356-359 бб.) «Тіл мәдениетін үйрету әдістемесінің шешендіктану негіздері»; «Қазіргі казак тіл білімінің инновациялық әлеуеті» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарындағы (Алматы, 2017 жыл, 26-27 қазан. – 42-45 бб.) «Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығына казак әдеби тілінің тарихи парадигмасынан орын берген

ғалым»; «IV Жаһандық ғылым және инновациялар 2019: Орталық Азия» халықаралық-ғылыми практикалық конференция материалдарындағы (Астана 21 қаңтар, 2019 жыл. – 182-185 бб.) «Педагогикалық дискурстан шығатын құндылықтар: «тізімді» толықтыру (В.И.Карасиктің еңбегі негізінде)»; «Педагог кәсібилігі: білім берудегі құзыреттілік тәсіл» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарындағы (Шымкент, 2019 жыл. – I-том. – 359-363 бб.) «Тіл мәдениеті», «Риторика» және «Қазақ әдеби тілінің тарихы» пәндерінің жоғары оқу орындарында оқытылуы туралы»; «Образовательная система: новации в сфере современного научного знания» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарындағы (Казань, 2019. – С. 157-163.) «Устная речь как ключевой фактор развития ораторских способностей школьников»; «Инновационные методы, средства и приемы повышения эффективности образовательной деятельности» атты конференция материалдарындағы (Астана: ТОО «Астанинский учебно-методический центр», 2019. – С. 45-47.) «Сөз мәдениетіне қатысты ұғымдарды нақтылау және олардың ішкі мазмұны туралы» атты мақалаларында жарияланған. Барлығы 27 мақала, соның ішінде Скопус базасындағы журналдардағы жарияланымдар саны – 2, ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдардағы мақалалар – 6, Халықаралық және алыс шетелдердегі конференция жинақтарында, басқа да ғылыми журналдарда жарияланған басылымдарда 19 мақала жарық көрген. Сондай-ақ, 1 оқу құралы, 1 оқу-әдістемелік құрал және 1 практикалық тапсырмалар мен жаттығулар жинағы жарық көрген. Сондықтан диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануы толық жеткілікті.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Диссертация мазмұнында және рәсімделуінде айтарлықтай кемшіліктер орын алмаған, дегенмен зерттеушіге төмендегідей ұсыныс-ескертпелер беріледі:

1. Филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін дамытудың когнитивтік және лингвоэлеуметтік тұжырымдамасы диссертацияның бірінші бөлімінде жасалған. Десек те, тақырыптың әдіснамалық негіздерін тереңірек талдау үшін линвопсихологиялық аспектісі ашылып жазылса, ауызша тілдің тілдік тұлғаны қалыптастырудағы рөлі нақтырақ айқындалып, зерттеу жұмысының құндылығы арта түсетін еді.

2. Диссертацияның 20-бетінде (1-сурет) тіл, сөз, сөйлеуді зерттейтін ғылым салаларының тоғысы көрсетілген. Бірақ диссертант көрсеткен элеуметтік лингвистика, психолингвистика, стилистика, сөз мәдениеті, прагматика салаларынан басқа *тіл, сөз, сөйлеуді* зерттейтін тіл білімінің жаңа бағыттары – лингвоперсонология, лингвоэкология, лингводидактика сияқты арналарды қарастырса, жұмыстың теориялық негіздері жан-жақты ашылатын еді.

3. «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының бір бағыты – қазақ тілінің кирилл графикасынан латын графикасына ауысуы. Қазақ жазуының

өзгеруі, жаңа әліпбидің қабылдануы лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларға негізделеді, соның бірі – қазақ тілінің төл дыбыстарын қайта қалпына келтіру. Осы тұрғыдан алғанда, диссертант қарастырылып отырған тақырып аясында жаңа графика негізінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде болған өзгеріс, қайта қалпына келу, төл дыбыстарды реттеу мәселесінің беретін нәтижелеріне қатысты да ғылыми тұжырымдар жасағанда, тақырып бойынша зерттеу арнасы кеңейе түсетін еді.

9. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 2-бөлімінің талаптарына сәйкестігі.

Дуйсебекова Жайнагул Муратқызының 6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» тақырыбында дайындаған диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына сәйкес орындалған. Дуйсебекова Жайнагул Муратқызы 6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

І.Жансүгіров атындағы Жетісу

мемлекеттік университетінің гуманитарлық
факультеті деканы, философия докторы

А.М. Рахимова Рахимова А.М.

